Кір жуатын машина
Пайдалану бойынша нұсқаулар

WD-1048(0~9)S(N/T)
WD-1049(0~9)S(N/T)
WD-8048(0~9)S(N/T)
WD-8049(0~9)S(N/T)

LG автоматты кір жуатын машинаны сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.
Мархабат, пайдаланушыға арналған осы нұсқауды мұқият оқып шығыңыз. Ол кір жуатын машинаны қауіпсіз түрде орнату, пайдалану және қызмет көрсету бойынша нұсқаулардан тұрады.
Пайдаланушыға арналған нұсқауларды сақтап қойыңыз.
Өзіңіздің кір жуатын машинаңыздың моделі мен сериялық нөмірін жазып алыңыз.

Негізгі қасиеттері



■ **Мыжылудан қорғау**
Машина барабанының айналуы барысында кірдің вертикальды қозғалуы матада ешқандай мыжылған іздің қалмауын қамтамасыз етеді.



■ **Үнемді «ақылды» жуу жүйесі**
«Ақылды» жуу жүйесі су шығынын азайту және электр энергиясын үнемдеу мақсатында, жүктелген киім мөлшерін және келіп тұрған судың температурасына қарай, машинадағы судың оңтайлы деңгейінің мәні мен жуу ұзақтығын анықтайды.



■ **Балалардан блоктау**
Машинаны басқару пернелерінің барлығын блоктау арқылы («Қосу» пернесінен басқа) жуу бағдарламасының кездейсоқ өзгеру мүмкіндігі жойылады.



■ **Жылдамдықты реттеудің тыныш жүйесі**
Барабанның айналуы барысында шу шығу деңгейін төмендету үшін машинаға жүктелген кір біркелкі үлестіріледі.



■ **Автоматты түрде қайта қосылу**
Кір жуу барысында электрқорегін беру істен шығып және кейін қайтадан қосылған кезде, машина істен шыққанға дейін белгіленген бағдарламасын сол қалпында жалғастыратын болады.

Мазмұны

Ескерту 3
Техникалық деректер 4
Орнату 5
Кір жуар алдында 10
Ұнтақты салу 11
Қызметтері 12
Кір жуатын машинаны пайдалану 13
Қызмет көрсету 21
Ақаулықтарды жою 24
Кепілдік шарттары 27

Ескерту

МАШИНАНЫ ПАЙДАЛАНУДАН БҰРЫН ОСЫ НҰСҚАУМЕН ТОЛЫҚ ТАНЫСЫП ШЫҒЫҢЫЗ

⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ **Өрт, жарылыс, электр тоғымен зақымдану салдарынан жарақат алудан, жаралап алудан немесе өлімнен сақтану үшін, сонымен қатар, мүліктің бүлінуінің алдын-алу үшін осы нұсқауда келтірілген барлық ережелерді сақтауыңызды сұранамыз.**

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: өрт шығу, электрмен зақымдану немесе жарақаттану мүмкіндігін төмендету үшін төменде келтірілген қауіпсіздік шараларын сақтаңыз:

- кір жуатын машинаны қоршаған ортасы тиісті деңгейде болмаған орындарда орнатпаңыз және сақтамаңыз,
- басқару элементтерінің бұзылуына жол бермеңіз,
- кір жуатын машинаның тетіктерін өз бетіңізше жөндемеңіз немесе ауыстырмаңыз, алайда, егерде бұл процестер қызмет көрсету бойынша нұсқауда немесе өз бетінше жөндеу жөніндегі нұсқауларда егжей-тегжейлі сипатталған болса және қажетті тиісті білім мен дағдыңыз болған жағдайда жөндеуіңізге немесе ауыстыруыңызға болады,
- кір жуатын машинаны орнату орнының маңында тез тұтанып кететін заттардың, атап айтар болсақ, қағаздың, қауырсынның, шүберектің, химиялық реагенттердің және т.б. болмауын қадағалаңыз,
- машинаның наңындағы балаларға мұқият қараңыз,
- балалардың машинаның үстінде, маңында ойнауына немесе ішіне кіруіне рұқсат бермеңіз,
- кір жуатын машинаның есігін ашық қалдырмаңыз,
- егерде есікті ашық қалдырсаңыз, онда балалар оған асылып ойнауға немесе ішіне кіруге ұмтылуы мүмкін,
- жұмыс істеп тұрған кезде оның ішкі бөлшектеріне ешқашан қол тигізбеңіз. Барабанның толық тоқтауын күтіңіз,
- жуу нәтижесінде киімнің отқа төтеп беру қасиетінің төмендеуі мүмкін екендігін ескеріңіз,
- өрт шығу немесе жарылыс болу қаупіне байланысты, тез жанғыш немесе жарылғыш заттардың (балауыз, май, бояу, бензин, майды жоятын және құрғататын құралдар, керосин және т.б.) қалдығы бар киімді ешқашанда машинада жумаңыз және кептірмеңіз.
- ойламаған жағдайдың алдын-алу үшін киімді жуған және кептерген кезде сол киімді өндірушінің рекомендацияларын ұстаныңыз.
- есікті өте қатты жаппаңыз және де есікті блоктау жүйесі іске қосылған болса (есікті блоктау индикаторы жанып тұрады), онда оған күш қолдана отырып ашуға тырыспаңыз. Бұл кір жуатын машинаның бұзылуына алып келуі мүмкін,
- электр тоғымен зақымдану қаупінен сақтану үшін, қандай да бір жөндеуді немесе кір жуатын машинаны күту амалдарын жүзеге асырудан бұрын электрқоректену кабелінің штепселін розеткадан суырыңыз, ерігіш сақтандырғышты шешіп алыңыз немесе тізбекті автоматты түрде үзушіні өшіріңіз,
- машинадан ақаулық тапсаңыз, бұзылған болса, машинаның кейбір бөліктері жартылай бөлшектелген немесе жетіспей немесе сынған болса, оған қоса электрқоректену кабелі немесе штепсельдік айыр тетік зақымданған болса, машинаны ешқашанда іске қоспаңыз.

✳ **Машинаның ашық тұрған есігін қатты баспаңыз, себебі ол машинаның аударылып кетуіні апаруы мүмкін.**

БҰЛ НҰСҚАУДЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ


ЖЕРГЕ ҚОСУ БОЙЫНША НҰСҚАУ

Кір жуатын машина жерге қосылуы керек. Жермен жалғау тізбегі машина істен шыққан немесе бұзылған жағдайда электр тоғының желі арқылы аз кедергімен кетуін қамтамасыз ету арқылы электр тоғының ұру қаупін азайтуға мумкіндік береді. Кір жуатын машинаның электрқоректену кабелінде жерге қосатын желі мен жерге қосатын штепсельдік айыр тетігі бар. Электрқоректену кабелынің штепсельдік айыр тетігін қосу үшін жергілікті нормалар мен талаптарға сай орнатылған және жерге қосылған электр розеткасы пайдаланылуы қерек.

- переходник (өтпелі тетікті) пайдаланбаңыз және жерге қоспай тұрып штепсельдік айыр тетікті қоспаңыз.
- розетканы монтаждау қажет болған жағдайда білікті электрикті шақырыңыз.

ЕСКЕРТУ: жерге жалғау сымын дұрыс қоспау электр тоғымен жарақаттануға алып баруы мүмкін. Егерде жерге жалғау тізбегінің дұрыс-бұрыстығына күмәніңіз болатын болса, онда білікті электрикті шақырыңыз. Электрқоректену кабелындегі штепсельдік айыр тетікті өз бетіңізше ауыстырмаңыз. Штепсельдік айыр тетік электр розеткасының тесігіне сәйкес келмесе, розетканы ауыстыру үшін білікті электрикті шақырыңыз.


Техникалық деректер




	WD-1048(0~9)S/8048(0~9)S WD-1049(0~9)S/8049(0~9)S	WD-1048(0~9)N/8048(0~9)N WD-1049(0~9)N/8049(0~9)N	WD-1048(0~9)T/8048(0~9)T WD-1049(0~9)T/8049(0~9)T
Атауы	Алдынан тиелетін кір жуатын машина		
Электрқорегі	220-240 В айнымалы ток, 50 Гц		
Көлемдері (Ш) x (Г) x (В)	600мм x 360мм x 850мм	600мм x 440мм x 850мм	600мм x 550мм x 850мм
Салмағы/Макс.қуаты	52кг / 2100 Вт	57кг / 2100Вт	64кг / 2100Вт
Сыйымдылығы	3,5 кг	5,0 кг	7,0 кг
Суды пайдалану	42 л	49 л	63 л
Рұқсат етілген су қысымы	0,3 – 10 кгс/см^2 (30-1000 кПа)		
Айналу жылдамдығы	**[WD-1048(0~9)S/N/T, WD-1049(0~9)S/N/T]** Кідіріс/сығу жоқ /400/800/1000 **[WD-8048(0~9)S/N/T, WD-8049(0~9)S/N/T]** Кідіріс/сығу жоқ /400/800		

* Өндіруші ескертусіз машинаның сипаттамасы мен сыртқы көрінісіне өзгерістер еңгізу құқына.

■ Керек-жарақтар



Ішкі шланг (1 дана)



Гайка кілті

Орнату


Машинаны температурасы нөлден төмен немесе қоршаған орта шарттары нашар орындарда сақтамаңыз. Кір жуатын машина жергілікті мемлекеттік энергобақылау органдарының талаптарына сай жерге қосылуы керек. Машина үстіне кілем төселген еденге қойылатын болса, онда машинаның асты мен еден арасында кеңістік қалдыру керек. Орнатылған үй-жайда жәндіктер немесе өзге де паразиттар бар болатын болса, онда машинаның ішкі және сыртқы бөліктерінің тазалығына баса көңіл бөлген жөн. Мынаған назар аударыңыз, машина бөліктеріне жәндіктер немесе өзге де паразиттар зақым келтірсе, онда өндірушінің кепілдік міндеттемелер өз күшін жояды.

■ Бекіту болттары


Тасымалдау барысында зақымданбауы үшін машина бөлшектері бекіту болттары арқылы бекітілген.


- Машинаны пайдаланудан бұрын буып-түю элементтері мен бекіту болттарын алып тастауыңыз керек.

☞ Машинаның түбіндегі орауды алып жатқан кезде машина түбінің ортасындағы буып-түю қыстырмасын міндетті түрде шығарыңыз.



■ Бекіту болттарын алып тастау





1. Тасымалдау барысында машинаның зақымданбауы үшін машинаның ішкі бөлшектері төрт бекіту болты арқылы бекітілген Машинаны пайдалаудан бұрын, осы бекіту болттары мен резіңкелі бұқтырмаларды алып тастау керек.

- бекіту болттарын тасымалдау бұрандалы тесіктерде қалдыру вибрацияның пайда болуына, шу деңгейінің көтерілуіне алып барып, машинаның істен шығуына себеп болуы мүмкін.

2. Гайка кілтін қолдана отырып бекіту болттарын бұрап алыңыз. Гайка кілті машинаның комплектісіне кіреді.


3. Болттарды суырыңыз, алу үшін бұқтырмаларды ақырын бұраңыз. Осы болттар мен гайка кілттерін сақтап қойыңыз, себебі олар тасымалдау кезінде сізге қажет болуы мүмкін.

- машинаны тасымалдаудан бұрын бекіту болттарын қайта бекіту керек.

4. Жабдықтаумен бірге келген бұқтырмаларды бұрандалы тесіктерге орналастырыңыз.


Орнату

■ Орнату орнын таңдау



Горизонтальды еден:
кір жуатын машинаның астындағы еденнің рұқсат етілген ылдилығы - 1°.

Электр розеткасы:
розетка кір жуатын машинаның бүйір қабырғасынан 1,5 метрге дейін орналасуы қажет. Шамадан артық қысым түсу қаупіне байланысты бір розеткаға бірнеше құралдарды қосуға тиым салынады.



Бос кеңістік:
Машинаның дұрыс жұмыс істеуі үшін бүйірлерінен және артқы жағынан бос кеңістік қалдыру керек.
(артынан 10 см / бүйірлерінен 2 см)

Кір жуатын машинаның ішіне ешқашан тұрмыстық заттарды салмаңыз, сақтамаңыз. Олар машинаның жабуын және басқару жүйесін зақымдауы мүмкін.

■ Машинаны қою

Машина тегіс, берік табанға орнатылуы керек.
Кілем жабуы және басқада заттардың машина желдеткішіне кедергі келтірмейтіндігіне көз жеткізіңіз.

- Машинаны кафель плиткасының үстіне орнату кезінде аяқшаларына резіңке астар қойыңыз.
- Тегіс емес орындарда машинаны орнату кезінде деңгені сақтау үшін астарлар қоюға тиым салынады.
- Машинаны газ плитаның немесе пештің қасына орнататын болсаңыз, онда көлемі (85 см x 60 см)-дан кем болмайтын, жылу өткізбейтін материалдан жасалған, плитаға қараған бүйірі алюминий шағылдырушы фольгамен қапталған қалқа қоюыңыз керек.
- Машинаны температурасы 0°C-ден төмен орындарда орнатпаңыз.
- Машинаға қызмет көрсету және жөндеу үшін оған емін-еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуіңіз керек.
- Гайка кілтінің көмегімен еден үсті мен машина астының арасында 20 мм-ден кем болмайтын кеңістік қалдыру үшін машина аяқтарының биіктігін реттеңіз.

Орнату

■ Электр желісіне қосу

1. Кір жуатын машинаны электрқорегіне ұзартқыш немесе үштік арқылы қоспаңыз.
2. Электрқорегі кабелін ауыстыру үшін сервис-орталығына немесе білікті электрикке барыңыз.
3. Жуып болғаннан кейін әрдайым кір жуатын машинаны өшіріңіз және айыр тетікті розеткадан суырыңыз.
4. Кір жуатын машинаны тек қана жермен жалғау тізбегі бар розеткаға қосыңыз.
5. Машинаны орнату орнындағы электрқорегі кабелінің штепселдік штепсельдік айыр тетігіне қол жеткізу оңай болуы керек.

- Кір жуатын машинаны білікті персонал жөндеу керек. Жеткілікті дәрежеде біліктілігі болмаған персоналдың жасаған жөндеуі жарақатқа немесе машинаның қызметтік сипаттамаларының нашарлауына алып баруы мүмкін. Машинаға қызмет көрсету үшін сервис-орталғына барыңыз.
- Машинаны температурасы 0°C-тан төмен орындарда орнатпаңыз. Су қатқан кезде кеңею күші шлангтарды зақымдауы мүмкін. Температура 0°C-тан төмен түскен кезде басқарудың электрондық схемаларының қызметтік параметрлері нашарлауы мүмкін.
- Машинаны температурасы 0°C-ден төмен болғанда тасымалдасаңыз, онда машинаны бірнеше сағат бойы бөлме температурасында ұстағаннан кейін ғана іске қосыңыз.

ЕСКЕРТУ

Электрқорегі кабелін пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы


Құралдардың көбісін қосымша шығу көзі немесе тармақтануы жоқ бөлек, жеке бір розеткаға қосуға кеңес береміз. Қосымша ақпарат алу үшін машинаның техникалық деректеріне қараңыз.

Розеткаларға рұқсат етілген қуаттан артық мөлшерден жүк түсіруге тиым салынады. Электр тоғы тарту немесе өрт шығу қаупі болғандықтан машинаны асыра жүктелген, ақауы бар немесе зақымданған қабырға розеткаларына, ұзартылған кабелдерге, изоляциясы зақымданған электрқорегі кабеліне пайдалануға тиым салынады. Машинаны үнемі қарап шығу барысында электрқорегі кабелінің зақымданғанын байқасаңыз, онда тез арада электрқорегін өшіріңіз және тек қана өндірушінің төл қосалқы бөлшектерін пайдалана отырып кабелді ауыстырыңыз.

Қатты айналдыру, қосу, майыстыру, есікпен қысып қою немесе тарту нәтижесінде электрқорегі кабелыне физикалық немесе механикалық зақым келуіне жол бермеңіз. Машинаны орнату барысында штепсельдік айыр тетіктің, қабырға розеткалары мен кабельдің машинаға кіру орнының күйіне ерекше назар аударыңыз.

■ Кір жуатын машинаны суққұбырына қосу барысында тек қана жаңа шлангтарды пайдаланыңыз. Ескі немесе қолданыста болған шлангтарды пайдаланбау керек.

■ Су беретін шлангты қосу




► *Жүйедегі су қысымы 30 – 1000 кПа (0,3 – 10 кгс/см^2) шамасында болуы керек*
► *Кранға қосу барысында шланг ұшының жіктеліп кетуіне жол бермеңіз.*
► *Су қысымының мәні 1000 кПа болған кезде қысымды реттейтін қондырғы орнату керек.*


- Судың өтіп кетуін болдырмас үшін су беретін шлангқа екі аражік қоса беріледі.
- Шлангтың қосылу сапасын су адуының максималды деңгейге көтеру арқылы тексере аласыз.
- Шлангты үнемі қарап шығу керек, зақымданған жерін тапқан жағдайда шлангты жаңа шлангпен ауыстыру қажет
- Шланг қатты айналдырылмауы немесе басылып кетпеуі керек.

Орнату


Бұл кір жуатын машина теңізде немесе қимыл үстіндегі нысандарда, мысалы, жылжымалы үйлерде, ұшақтарда және т.б. пайдалануға арналмаған. Машинаны уақытша өшіру кезеңінде (атап айтсақ, мейрамдар кезінде) жабу краннын жауып қою керек, әсіресе, машинаның жанында ашық ағып кететін орын болмаған жағдайда. Машинаны жою барысында электрқорегі кабелін кесіп алып, штепселдік айыр тетікті жойып жіберу керек. Сонымен бірге, балалардың машинаның ішінде кездейсоқ қалып қоймауы үшін, есіктің блоктау құлпын бұзып тастау керек. Бұған қоса, полиэтиленді пленка мен пенопласт сымды буып-түю материалдарының балалар үшін қаншалықты қауіпті екендігін ескеріңіз. Аты аталған заттарды қараудан тыс қалдыру, абайсыз қолдану нәтижесінде қайғылы оқиғаларға себеп болуы мүмкін! Буып-түю материалдарын балалардың қолы жетпейтін орындарда сақтаңыз.


■ Дренажды шлангты қосу





- Шағын шынжыр көмегімен дренажды шлангты мекем бекітіңіз.
- Дренажды шлангты мықтап берік бекіту су ағып еденнің үсті мен оның жабу материалын зақымдамау үшін маңызды болып табылады.







- Дренажды шлангты еденнен 100 см-ден астам биіктікте бекітуге болмайды
- Дренажды шлангты мықтап берік бекіту су ағып еденнің үсті мен оның жабу материалын зақымдамау үшін маңызды болып табылады.
- Дренажды шланг өте ұзын болатын болса, онда оның артық бөлігін кір жуатын машина корпусының ішіне тығып тастамау керек. Олшу деңгейінің артуына алып кеп соғады.

Орнату

■ Горизонтальды тегістеу







1. Вибрация мен шудың ұлғаюының алдын-алу үшін кір жуатын машинаны тиісті дәрежеде горизонтальды тегіс қылу керек.
   Кір жуатын машинаны қатты, тегіс негізге орнату керек, мүмкіндігінше бөлме бұрышына.
2. Негіз тегіс болмаған жағдайда, машинаның аяғын реттей отырып горизонтальды тегіс болуына қол жеткізіңіз. (Тегістеу үшін ағаш астар және осыға нұқсас заттарды пайдаланбау керек.)
   Машинаның барлық төрт аяқтарын реттей отырып, оның бекемдігіне көз жеткізіңіз, содан кейін, кір жуатын машинаның горизонтальды тегіс болуын тексеріңіз (спиртті деңгейді пайдалана отырып).

ЕСКЕРТУ Кір жуатын машинаны биік жерге орнатқан жағдайда, оның құлауына жол бермес үшін бекем бекіту керек.

3. Машинаның бекемдігін реттеу үшін тиісті аяқтың пластикалық контргайкасын сәл босаңсытып, аяқ қалпын қажетті дәрежеге дейін реттеу керек. Дұрыс тегіс деңгейді анықтап алғаннан кейін контргайка көмегімен аяқ қалпын бекіту қажет.


* Аяқ қалпын контргайканы сағыт тіліне қарсы бұрай отырып бекітесіз.

* **Диагоналдарды тексеру**
Жоғарғы корпус үстінің бұрыштарын басқан кезде машина қалпында вертикальды ақаулықтар байқалмауы керек (мархабат, жоғары және төмен қарай қимылдардың болмауына көз жеткізіңіз). Жоғарғы корпус үстінің бұрыштарын басқан кезде ақаулық тапқан болсаңыз, онда машинаны қайтадан тегіс етіп орналастыру қажет.

■ Бетон едендер
- Машинаны орналастыру орны таза, құрғақ және тегіс болу керек.
- Машинаны тегіс, берік негізге орнатыңыз.

■ Кафельді жабу (тайғақ еден)
- Машина аяқтарының әрқайсысына «Tread Mate» материалынан жасалған астар қойып, тегіс болу үшін амалдар жасаңыз. (Көлемі 70x70мм болатын төртбұрышты астар ойып алыңыз және оны машина аяқтарының астына дәлдеп, құрғақ кафельді плиткаға жабыстырыңыз.)
  - **Tread Mate - әдетте төкпешек сатыларында пайдаланылатын, тайғаққа қарсы қасиеті бар өзі жабысатын материал.**

■ Ағаш едендер
- Ағаш едендер вибрацияға ерекше бейім.
- Вибрация деңгейін азайту үшін, машина аяқтарының әрқайсысының астына қалыңдығы 15 мм-ден кем болмайтын резіңке астар қоюға кеңес береміз. Астарларда шуруптар арқылы, жоқ дегенде, еденнің екі тақтайына бұрап бекітіңіз.
- Машинаны орнату үшін бөлменің ағаш еденінің ең берік бөлігін таңдау керек.



- **Вибрация деңгейін азайту үшін, машина аяқтарының астына резіңке астар қойыңыз.**
- **Резіңке астарларды (артикулы 4620ER4002B) LG компаниясының қосалқы бөлшектерімен жабдықтау бөлімшелерінен сатып алуға болады.**

Назар аударыңыз!
- Кір жуатын машина дұрыс орнатылып, тегіс болған жағдайда, оның ұзақ және сенімді жұмыс істейтіндігіне кепілдік беріледі.
- Машина абсолютты түрде горизонтальды және бекем тұруы керек.
- Барабан айналдырып жатқан кірдің салмағымен машинаның диагональды қимылдауы еш орын алмауы керек.
- Орнату орны теп-тегіс болып, еденнің үстінде еден мастикалары немесе өзге де жағатын құралдар болмауы керек.

Кір жуудан алдын

■ Кір жуудан алдын

Барабан үстіндегі барлық ластанған қалдықтарды кетіру үшін кір салмай жуудың толық циклын, (ХЛОПОК 60°C режимында, жуғыш заттардың жарты нормасын пайдалана отырып) орындаңыз.

■ Алғашқы жуудың алдында

1. Киімдердің ярлыктары

Киімнің матасы туралы және рұқсат етілген жуу режимы туралы ақпарат алу үшін киімдердегі ярлыкты оқыңыз.

2. Сорттау

Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, жуу режимдарына сай, кірлерді бөліп-бөліп сорттаңыз.

Маталарды жуу және сығу үшін түрлі су температурасын және барабанның айналу жылдамдығын пайдаланыңыз.


Түстердің өңуінің және ашық түсті киімдерің боялып кетуінің алдын-алу үшін, қаралау түсті маталарды ашық түсті және ақ түсті маталардан бөлек жуу керек.

Өте кір және сәл кір киімдерді бөлек жууға кеңес береміз.

Кірлену (өте кір, орташа, сәл)	Киімді кірлену дәрежесіне қарай сорттаңыз.
Реңі (ақ, ашық, қаралау)	Ақ маталарды түрлі түсті маталардан бөлек алыңыз.
Түк (қайнар көздер, түк жинайтын маталар)	Қайнар көздер мен түк жинайтын маталарды бөлек жуу керек. Түк қайнар көздері: халаттар, сүлгілер, жаялықшалар Түк жинайтын маталар: СИНТЕТИКА, шибарқыт, шұлықтар

3. Кірді машинаға салудан бұрын


■ **Кірді машинаға салу барысында шағын заттарды ірі заттармен араластырыңыз. Алдымен ірі заттарды салыңыз. Ірі заттар мөлшері машинаға тиелген жалпы киім көлемінің жартысынан аспауы керек. Барабандағы тепе-теңдіктің бұзылу қаупіне байланысты машинада тек қана ірі заттарды бөлек жумаңыз. Ірі заттарды жуатын болсаңыз, машинаға дәл сондай бір немесе екі киім салыңыз.**



- Киімдердің қалталарын қарап шығыңыз, себебі қалталарда болаттын, мысалы, шегелер, шашқа қыстыратын түйреуіштер, сіріңкелер, қаламдар, тиындар, кілттер сияқты және т.б. заттар барабанның беткі қабатын және жуылып жатқан заттарды зақымдауы мүмкін.
- Жуу барысында басқа заттарға жабысып қалмауы үшін барлық сырмаларды, түймелерді және бауларды сырып, түймелеп, байлап қойыңыз.
- Кірлердің кетуін жеңілдету мақсатында дақтарды және өте кір болатын жерлерді, мысалы, жең ұштары мен шағаларды, суда ерітілген ұнтақпен тазалап шығыңыз.


■ ҰНТАҚ ЖӘНЕ МАТА ЖҰМСАРТҚЫШТАРДЫ ҚОСУ

1. Суырмалы қорапша



- Тек қана негізгі жуу
- ПРЕДВ. + негізгі жуу

2. Мата жұмсартқышын қосу



- Мата жұмсартқышын максималды салу сызығынан асыра салмаңыз. Қорапшаны шамадан тыс мөлшерде толтыру жұмсартқыштың суда мерзімінен бұрын араласуына және киімде дақтардың пайда болуына себеп болуы мүмкін.
- Мата жұмсартқышты контейнерде 2 күннен астам мерзімге қалдырмаңыз (себебі жұмсартқыш қатып қалуы мүмкін).
- Жұмсартқыш шаюдың ең соңғы кезеңінде ғана суға қосылады.
- Су беріліп жатқан кезде қорапшаны ашпаңыз.
- Қорапшаға ерткіштерді құймаңыз (бензин және т.б.).

ЕСКЕРТУ Мата жұмсартқышты тікелей киімнің үстіне салмаңыз.

3. Ұнтақты қосу нормалары
- Кір жуатын ұнтақтың қажетті мөлшерін ұнтақты өндірушінің нұсқауына сәйкес анықтап аласыз.
- Жуғыш заттардың аса көп мөлшері өте көп мөлшерде көпіріктің пайда болуына, жуу нәтижесінің нашарлауына және машина двигателіне қосымша жүк түсуіне (ілгеріде зақымдану ықтималдылығына) алып келуі мүмкін.
- Аса көп мөлшерде көпірік пайда болған жағдайда, жуғыш заттардың мөлшерін азайту керек!
- Тек қана кір алдынан салынатын автоматты машинаға арналған кір жуатын ұнтақтарды пайдаланыңыз.
- Жууға қажетті ұнтақ мөлшері судың температурасы мен қаттылығына қарай, киімнің көлемі мен кірлену дәрежесіне қарай өзгеріп отыруы мүмкін. Жуу барысында ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін көп көпірік болдыртпаңыз.

4. Тосаптың пайда болуына жол бермейтін заттар (антинакипин)
- Өте қатты суда жуу барысында жуғыш заттар мөлшерін азайту үшін, антинакипиндердің әртүрлі түрлерін пайдалануға болады, мысалы, Calgon. Антинакипин мөлшері туралы ақпарат үшін пайдаланып отырған затыңыздың қорабыны қараңыз. Антинакипинді жуғыш заттарды салып болғаннан кейін ғана қосыңыз.
- Антинакипин қосқан жағдайда, жуғыш заттардың мөлшері нәзік суда жууға арналған нормаға сәйкес келеді.

* **Ақыл -кеңес**
Толтырып салу: өндірушінің рекомендацияларына сәйкес
Жартылай салу: ұсынылған мөлшердің 3/4
Минималды салу: толтырып салу нормасының 1/2
- Кір жуатын ұнтақ суға жуудың алғашқы кезеңінде барып түседі.

■ МАТА ТҮРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҰСЫНЫЛЫП ОТЫРҒАН ЖУУ РЕЖИМДАРЫ

Режим	Мата түрі	Температура (ұсынылған)		Жуу түрі (ұсынылған)		Макс. тиелетін кір		
ХЛОПОК	Кіріңіз автоматты кір жуатын машинада жууға арналған ба, соны әрдайым тексеріңіз (ақ мақта, зығырдан жасалған сүлгі және ақжайма)	WD-1048(0~9)S/N/T WD-1049(0~9)S/N/T	WD-8048(0~9)S/N/T WD-8049(0~9)S/N/T	WD-1048(0~9)S/N/T WD-1049(0~9)S/N/T	WD-8048(0~9)S/N/T WD-8049(0~9)S/N/T	WD-1048(0~9)S WD-8048(0~9)S WD-1049(0~9)S WD-8049(0~9)S	WD-1048(0~9)N WD-8048(0~9)N WD-1049(0~9)N WD-8049(0~9)N	WD-1048(0~9)T WD-8048(0~9)T WD-1049(0~9)T WD-8049(0~9)T
		95˚C	95˚C	ПОЛОСК.+ ПРЕДВ. ЛЁГК. ГЛАЖКА БИО ЭКОНОМИЯ	ПОЛОСК.+ ПРЕДВ. ЭКОНОМИЯ	Номинал	Номинал	Номинал
	Түрлі-түсті маталар (көйлектер, түнгі жейделер, пижамалар) және сәл кірленген ақ мақта (іш киім)	60˚C (40˚C,30˚C, суық.)	60˚C (40˚C, суық.)					
СИНТЕТИКА	Полиамид, акрил, полиэфир					1,5 кг-ға дейін	2,0 кг-ға дейін	3,0 кг-ға дейін
ДЕЛИКАТНАЯ	Нәзік, тез жыртылатын маталар (жібек, перделер)	40˚C (30˚C, суық.)	40˚C (суық.)	ПОЛОСК.+ ЛЁГК. ГЛАЖКА ЭКОНОМИЯ	ПОЛОСК.+ ЭКОНОМИЯ	1,0 кг-ға дейін	1,5 кг-ға дейін	2,0 кг-ға дейін
РУЧНАЯ СТИРКА /ШЕРСТЬ	«Қолмен жуу» деген белгісі бар жүннен жасалған заттар үшін					1,0 кг-ға дейін	1,5 кг-ға дейін	2,0 кг-ға дейін
ОДЕЖДА МАЛЫША	Балалар киімін жуу	95˚C (60˚C, 40˚C)	95˚C (60˚C, 40˚C)	ПОЛОСК.+ ПРЕДВ. ЛЁГК. ГЛАЖКА БИО ЭКОНОМИЯ	ПОЛОСК.+ ПРЕДВ. ЭКОНОМИЯ	3,0 кг-ға дейін	4,0 кг-ға дейін	6,0 кг-ға дейін
БЫСТРО 30	“ХЛОПОК“, “Синтетика“ режимдарына сәйкес келетін мата түрі	30˚C (40˚C, суық.)	Суық. (40˚C)	ПОЛОСК.+ ЛЁГК. ГЛАЖКА	ПОЛОСК.+	1,0 кг-ға дейін	1,5 кг-ға дейін	2,0 кг-ға дейін

- ✳ ПРЕДВАРИТЕЛЬНАЯ СТИРКА: Киім өте қатты кірленген кезде ПРЕДВАРИТЕЛЬНАЯ СТИРКА режимын пайдалану керек.
- ✳ ПОЛОСК.+: Кір жуатын ұнтақты кетіру үшін қайтадан шаю керек болған жағдайда ПОЛОСК.+ режимын пайдалану керек.
- ✳ БЫСТРО 30: Бұл қызметтің көмегімен сәл кірленген түрлі-түсті киімдерді көп емес көлемде тез жуып шығуға болады.
- ✳ БИО: Протеиннен түзілген (сүт, қан, шоколад) дақты кетіру қажет болған жағдайда, БИО қызметін пайдаланыңыз.
- ✳ ХЛОПОК,СИНТЕТИКА и ОДЕЖДА МАЛЫША сынды жуу бағдарламалары үшін, су температурасы 60°C жоғары болғанда БИО және ЭКОНОМИЯ қызметтерін пайдаланған жөн.
- ✳ Энергетические данные измерены в соответствии с EN60456 на программе 60˚C.

Кір жуатын машинаны пайдалану

WD-1048(0~9)S/N/T



WD-8048(0~9)S/N/T




WD-8049(0~9)S/N/T



WD-1049(0~9)S/N/T



Кір жуатын машинаны пайдалану



(1) Перне: Қосу
(2) Қайта қосқыш: Жұмыс режимы
(WD-1048(0~9)S/N/T, 8048(0~9)S/N/T)
Перне: Жұмыс режимы
(WD-1049(0~9)S/N/T, 8049(0~9)S/N/T)
(3) Перне: Баста/пауза
(4) Перне: Температура.
(5) Балалардан блоктау
(6) Перне: Реттеулер
(7) Перне: Реттеулер
(WD-1048(0~9)S/N/T, 8048(0~9)S/N/T)
(8) Перне: Уақыт
(9) Перне: Сығу

1. Стандартты режимда жуу

- Машинаны қосу үшін **Қосу** пернесін басыңыз.
- **Баста/пауза**“ пернесін басыңыз.
- Стандартты режимды реттеу:

- ***Жуу: тек қана негізгі жуу***
- ***Шаю: 3 рет***
- ***Барабанның айналу жылдамдығы:***

- ***минутына 800 айналым [WD-8048(0~9)S/N/T, WD-8049(0~9)S/N/T]***
- ***минутына 1000 айналым [WD-1048(0~9)S/N/T, WD-1049(0~9)S/N/T]***

- ***Су температурасы: 60°C***
- ***Режим: „ХЛОПОК“.***

2. Қолдан таңдау режимы

- Машинаны қосу үшін **Қосу** пернесін басыңыз
- Қайта қосқыш пен басқару пернелері арқылы жуу режимын таңдаңыз.

Жуу режимын таңдау бойынша толық нұсқаулар 15-19-беттерде келтірілген.

- Баста/пауза пернесін басыңыз.

Кір жуатын машинаны пайдалану

Реттеу



[WD-1048(0~9)S/N/T
WD-1049(0~9)S/N/T]



[WD-8048(0~9)S/N/T
WD-8049(0~9)S/N/T]

- **Реттеулер** пернесі шаю түрін таңдауға арналған.

1. ПОЛОСК.+

- Жуатын ұнтақ қалдықтарын кетіру үшін қайтадан шаю қажет болған жағдайда ПОЛОСКАНИЕ+, режимын пайдаланған жөн.

2. ПРЕДВ.

- Киім өте қатты кір болған жағдайда Предварительная стирка режимын пайдаланған жөн.

3. ЛЁГК. ГЛАЖКА

- Сығу барысында мыжылудың орын алмауы үшін осы режимды таңдау керек.


4. БИО.

- Протеиннен түзілген (сүт, қан, шоколад) дақты кетіру қажет болған жағдайда, БИО қызметін пайдаланыңыз.

[ХЛОПОК, СИНТЕТИКА және ОДЕЖДА МАЛЫША сынды жуу бағдарламалары үшін, су температурасы 60°C жоғары болғанда, Био и Экономия қызметтерін пайдаланған жөн.]

Басқару панелінде бір режимды таңдаған кезде тиісті индикатор жанып тұрады.

Уақыт



1. Үнемді уақыт.

- Жуу уақытын қысқарту үшін осы қызметті таңдау керек.
- Уақытты үнемдеу қызметін пайдалану үшін, жуудан бұрын Экономия үнемдеу пернесіне басыңыз.
- БЫСТРО 30 режимын таңдасаңыз бұл қызметті пайдалана алмайсыз.

Кір жуатын машинаны пайдалану

2. Бағдарлама мерзімін ұзарту



Таймерді қосудың алдында киімді жууға дайындау


- Су беру кранын ашыңыз.
- Киімді машинаға салып, есікті жабыңыз.
- Суырмалы қорапшаның тиісті бөліктеріне кір жуатын ұнтақ, антинакипин және мата жұмсартқышты салыңыз.
- Таймерді орнату
- **Қосу** пернесін басыңыз.
- Қайта қосқыш көмегімен жуу режимын таңдаңыз („Жұмыс режимы“)
- **Уақыт** пернесіне басып, қажетті мәнді орнатыңыз.
- **Баста/пауза** пернесін басыңыз (”:’’ символы жанып-өше бастайды).
- **Уақыт** пернесін басқаннан кейін, дисплейда 3:00 деген мән көрінеді. Таймердің максимальды мәні 19:00 сағ. құрайды, минимальды мәні 3:00 сағ. тең.
- **Таймер** пернесін кезекті түрде әрбір басқан сайын, мән бір сағатқа көтеріледі.
- Жуу бағдарламасының мерзімін ұзарту режимын жою үшін **Қосу** пернесін басыңыз.
- Таймер мәні ретінде жуудың немесе таңдалған кезеңнің (Жуу, Шаю, Сығу) бітуінің жоспарланған уақыты қарастырылады.
- **Судың берілуі мен температурасына қарай, жуудың шын мәнінде біту уақыты берілген мәннен бөлек болып, өзгеруі мүмкін.**

Балалардан блоктау



Машинаның бұл қызметі балалардың жуу бағдарламасын кездейсоқ өзгертіп жібермеуі үшін басқару пернелерінің барлығын блоктауға арналған.

- Балалардан блоктау режимы **Темп.** және **Реттеулер** пернелерін бір мезетте басу арқылы іске қосылады.




- Балалардан блоктауды қосқан кезде, **Қосу** пернесінен басқа ешқандайда басқару пернелері жұмыс істемейді.
- Блоктау режимын өшіру үшін, қайтадан **Темп.** және **Реттеулер** пернелерін бір мезете басыңыз.



- Балалардан блоктау режимы қосылып тұрған кезде жұмыс режимын өзгерту қажет болған жағдайда, келесі амалдарды орындаңыз.


1. **Темп.** және **Реттеулер**. пернелерін бір мезете басыңыз.
2. **Баста/пауза** пернелерін басыңыз
3. Қажетті жуу режимын таңдаңыз және қайтадан **Баста/пауза** пернелерін басыңыз.




- Балалардан блоктау режимын, жуу біткеннен кейін автоматты түрде өшетіндей етіп, кез-келген уақытта қосуыңызға болады. Балалардан блоктау режимы қоректену көзі өшіп тұрған кезде де істеуі мүмкін.

Кір жуатын машинаны пайдалану

Сығу



[WD-1048(0~9)S/N/T, WD-1049(0~9)S/N/T]



[WD-8048(0~9)S/N/T, WD-8049(0~9)S/N/T]

- ОТЖИМ пернесі сығу барысында барабанның айналу жылдамдығын таңдауға арналған. Барабанның айналу жылдамдығы минутына айналумен өлшенеді.

1. Айналу жылдамдығын таңдау

- Төменде, жуу режимына қарай, айналу жылдамдығының рұқсат етілген мәндері келтірілген.

- **WD-8048(0~9)S/N/T, WD-8049(0~9)S/N/T**
- **ХЛОПОК, СИНТЕТИКА, РУЧНАЯ СТИРКА/ШЕРСТЬ, ОДЕЖДА МАЛЫША, ПОЛОСК.+ ОТЖИМ, ДЕЛИКАТНАЯ, БЫСТРО 30.**
  Кідіріс-сығу жоқ-400-800

- **WD-1048(0~9)S/N/T, WD-1049(0~9)S/N/T**
- **ХЛОПОК, СИНТЕТИКА, РУЧНАЯ СТИРКА/ШЕРСТЬ, ПОЛОСК.+ОТЖИМ, БЫСТРО 30, ОДЕЖДА МАЛЫША.**
  Кідіріс-сығу жоқ-400- 800-1000
- **ДЕЛИКАТНАЯ**
  Кідіріс-сығу жоқ-400-800

2. Сығу жоқ

- Бұл режимды таңдаған кезде, су ағып таусылғаннан кейін барабан тоқтатылады.

При выборе данного режима, на панели управления, светится соответствующий Бұл режимды таңдаған кезд, басқару панелында тиісті индикатор жанып тұрады.


3. Кідіріс

- Шаюдан кейінгі сығу барысында киім мыжылып қалмауы үшін ОТЖИМ пернесін баспай, ОТЖИМ режимын таңдаңыз.
- Без отжима режимын таңдау барысында, киімді сәл кептіру үшін, Без отжима режимын жойып, сығу жылдамдығын көрсету немесе басқа бағдарламаны орнату үшін **Баста/ пауза** пернесін басу керек. Бағдарламаны қайта қосу үшін **Баста/ пауза** пернесін қайтадан басу керек.


Бұл режимды таңдаған болсаңыз, басқару панелында тиісті индикатор жанып тұратын болады.

Кір жуатын машинаны пайдалану

СУ ТЕМПЕРАТУРАСЫ



[WD-1048(0~9)S/N/T, WD-1049(0~9)S/N/T]



[WD-8048(0~9)S/N/T, WD-8049(0~9)S/N/T]

- Темп. пернесі жууға арналған судың температурасының мәнін орнатуға арналған.


❄ **WD-1048(0~9)S/N/T, WD-1049(0~9)S/N/T**
- ***Суық***
- ***30°C / 40°C / 60°C / 95°C***

❄ **WD-8048(0~9)S/N/T, WD-8049(0~9)S/N/T**
- ***Суық***
- ***40°C / 60°C / 95°C***


1. СУ ТЕМПЕРАТУРАСЫ

- Бағдарламаға сәйкес су температурасын орнатуға болады. **Басқару панелынің дисплейынды орнатылған су температурасы көрсетіледі.**
  Для получения дополнительной информации, см. стр. Қосымша ақпарат алу үшін 12-бетті қараңыз

ЖУУ РЕЖИМДАРЫ



[WD-1048(0~9)S/N/T, WD-8048(0~9)S/N/T]



[WD-1049(0~9)S/N/T, WD-8049(0~9)S/N/T]

- Мата түріне қарай 8 жуу режимын пайдалануға болады:
- Кір жуатын машинаны қосқан кезде автоматты түрде ХЛОПОК режимы таңдалады.
- Қайта қосқыш көмегімен келесі тәртіп бойынша жуу режимдарын орнатуға болады: ХЛОПОК - ОДЕЖДА МАЛЫША - СИНТЕТИКА - ДЕЛИКАТНАЯ - РУЧНАЯ СТИРКА / ШЕРСТЬ - БЫСТРО 30 - ПОЛОСК.+ОТЖИМ - ОТЖИМ.

Мата түріне қарай жуу режимын таңдау жөнінде ақпарат алу үшін 12-бетті қараңыз.

Кір жуатын машинаны пайдалану

Баста/пауза



1. Баста

- **Баста/пауза** пернесі жууды бастауға немесе тоқтатып қоюға арналған.

2. Пауза

- Жуу процесін уақытша тоқтатып қою үшін **Баста/пауза** пернесін басу керек.
- Пауза пернесін басқаннан кейін төрт минут өткеннен кейін, кір жуатын машина автоматты түрде өшіп қалады.

3. ЕСІК ҚҰЛЫПТАНҒАН



[WD-1048(0~9)S/N/T, 8048(0~9)S/N/T]

- Кір жуатын машинаның есігі жабық тұрса, тиісті индикатор жанып тұрады.
- Есікті ашу үшін **Баста/пауза** пернесін басу арқылы орандалып жатқан бағдарламаны тоқтату керек.
- Бірнеше уақыт өткеннен кейін кір жуатын машинаның есігін ашуға болады.

Машинаны қосу



1. Машинаны қосу пернесі

- **Қосу** пернесі кір жуатын машинаны қосуға және өшіруге арналған.
- Оған қоса, бұл перне көмегімен таймерді де өшіруге болады.

2. Стандартты режим

- **Қосу** пернесінің көмегімен кір жуатын машинаны қосқаннан кейін, автоматты түрде ХЛОПОК режимы таңдалады. Сонымен қатар, барлық жуу параметрлары стандартты мәндеріне қарай орнатылады.
- Осыған орай, стандартты режимда жуу үшін, кір жуатын машина қосылғаннан кейін **Баста/пауза** пернесін басу керек.

Стандартты параметрлер

- ***[WD-8048(0~9)S/N/T, WD-8049(0~9)S/N/T]***
  - ХЛОПОК, 60°C / 800 айналым минутына
- ***[WD-1048(0~9)S/N/T, WD-1049(0~9)S/N/T]***
  - ХЛОПОК, 60°C / 1000 айналым минутына

Кір жуатын машинаны пайдалану

Дисплей



1. Арнайы режимдарды көрсету

- Балалардан блоктау режимы қосылып тұрған кезде дисплейде „CL“ әріптері шығып тұрады .
- Таймер қосылған болса, дисплейде жұмыстың бітуіне дейін қалған уақыт көрсетіледі.

2. Өзін-өзі диагностикалау нәтижесін көрсету

- Ақаулық табылған кезде,кір жуатын машинаның дисплейде сол ақаулық коды көрсетіледі.

„PE“ : судың берілу қысымы рұқсат етілгеннен жоғары,
„FE“ : машинады су мөлшерден асып кеткен,
„dE“ : машина есігі жабылған жоқ,
„IE“ : судың берілуінде проблемалар бар,
„OE“ : судың ағып кетуінде проблемалар бар,
„UE“ : машина барабанына кір салуда тепе-теңдік бұзылған,
„tE“ : су температурасы рұқсат етілмеген.

Дисплейде жоғарыда көрсетілген кодтар пайда болғанда, „Ақаулықтарды іздеу және жою“ бөлімін, 25-бетті қараңыз.

3. Жууды бітіру

- Жуу біткеннен кейін дисплейде „End“ коды пайда болады.

4. Жуудың біту уақыты

- Жуу барысында дисплейда жұмыстың бітуіне дейін қалған уақыт көрсетіледі.
- Төменде режимына қарай жуу ұзақтығының шамалас мәні келтірілген.

❄ ( ) : WD-8048(0~9)S/N/T, WD-8049(0~9)S/N/T
< > : WD-1048(0~9)S/N/T, WD-1049(0~9)S/N/T

- **ХЛОПОК 95°C:** 2 сағат 57(54) минут шамасында
- **ХЛОПОК 60°C:** 2 сағат 57(54) минут шамасында
- **СИНТЕТИКА:** 2 сағат 10(7) минут шамасында
- **ДЕЛИКАТНАЯ:** 1 сағат 3 минут шамасында
- **РУЧНАЯ СТИРКА/ШЕРСТЬ:** 1 сағат 9 минут шамасында
- **ОДЕЖДА МАЛЫША:** 2 сағат 56 минут шамасында <3 сағат 11 минут шамасында>
- **БЫСТРО 30:** 30 минут шамасында
- **ПОЛОСК.+ОТЖИМ:** 22(19) минут шамасында
- **ОТЖИМ:** 14(11) минут шамасында

- Шын жуу уақыты тиелген киім мөлшеріне, су қысымы мен температурасына, сонымен қатар өзге де шарттарға байланысты.
- Кір тепе-тең салынбаған кезде немесе көпірікті кетіру бағдарламасы қосылған кезде жуу уақыты артуы мүмкін (көп дегенде 45 минутқа).


Машинаға қызмет көрсету

✳ Кір жуатын машинаның ішкі бөліктерін тазалау кезінде электр тоғы ұрмауы үшін, әрдайым электркөрегі кабелінің айыр тетігін қабырға розеткасынан суырып қою керек.
✳ Машинаны утильдеу барысында электркөрегі кабелын кесіп алып, штепсельдік айыр тетікті жойып жіберу керек. Сонымен бірге, балалардың машинаның ішінде кездейсоқ қалып қоймауы үшін, есіктің блоктау құлпын бұзып тастау керек.


■ СУ БЕРУ ФИЛЬТРІ

- Басқару панелында жанып-өшіп тұратын „ IE“ код пайда болған жағдайда, кір жуатын машинаға судың берілуін тексеріңіз.
- Бұл жазу судың өте қатты болуына немесе әк шөгінділердің болуына байланысты кіру фильтрінің қоқыстануы салдарынан пайда болуы мүмкін.


Қалыпты су беру деңгейін қамтамасыз ету үшін, кіру фильтрін үнемі тазалап тұру керек.




1. Суды беруді жауып қойыңыз.



2. Қатты щетканы пайдалана отырып фильтрді тазалаңыз.



3. Су беру шлангын ажыратып тастаңыз.



4. Су беру шлангын қосып, бекітіңіз..

■ ТӨГУ НАСОСЫНЫҢ ФИЛЬТРІ


✳ Дренажды фильтр жуудан кейін барабанда қалған жілтер мен ұсақ заттарды ұстап қалады. Кір жуатын машина үздік жұмыс істеп тұруы үшін дренажды фильтрдің жағдайын үнемі тексеріп тұру керек.


⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Фильтрді алудан бұрын суды төгу шлангында су жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.


1. Бұрауыштың немесе тиынның көмегімен төменгі панельдің есігін ашыңыз (①). Шлангты ажырату үшін дренажды тығынды бұраңыз (②).

2. Қалдық суды кетіру үшін дренажды тығынды суырып алыңыз (②). Еденге ағатын суды жинап алу үшін қандайда бір ыдысты пайдаланыңыз. Төгу насосының фильтрін алу үшін (③) фильтрді сағат тіліне қарсы бұраңыз.

3. Бөгде заттарды фильтрден алып тастаңыз (③). Тазалап болғаннан кейін, сағат тілі бойынша бұрай отырып, фильтрді орнатыңыз (③) және дренажды тығынды қойыңыз (②). Төменгі панельдің есігін жабыңыз








Машинаға қызмет көрсету


■ СУЫРМАЛЫ ҚОРАПША

✳ Машинаны үнемі пайдаланудан кейін, суырмалы қорапша қабырғаларында кір жуатын ұнтақ, мата жұмсарттқыш пен антинакипин шөгінділері пайда болуы мүмкін.

- Шөгінділерді кетіру үшін суырмалы қорапшаны ағын сумен үнемі жуып отыру керек.
- Қажет болған жағдайда, стопорлы бітеушіні баса отырып қорапшаны машинадан шешіп алуға болады.
- Тазалауды жеңілдету үшін, мата жұмсартқышқа арналған контейнердің жоғарғы бөлігін шешіп алуға болады.



■ СУЫРМАЛЫ ҚОРАПША БӨЛІМДЕРІ



✳ Машина корпусының қорапшасындағы ұнтақ салуға арналған бөлімнен ұнтақ қалдықтарын кетіру үшін оны щеткамен үнемі тазалап тұру керек.

- Тазалап болғаннан кейін, суырмалы қорапшаны орнына қойыңыз және кір жуатын машинаны шаю режимына қосыңыз.

■ КІР ЖУАТЫН МАШИНА БАРАБАНЫ

- Кір жуатын машинаны пайдалану аймағында су өте қатты болған жағдайда, машинаның қол жетпес жерлеріндегі тосапты және әк шөгінділерді кетіруге арналған арнайы заттарды қолдану керек.
- Бұл келтірілген ережені сақтамау, кір жуатын машинаның бөлшектерін ауыстыру қажеттілігіне алып баруы мүмкін.
- Кір жуатын машина барабаны тот баспайтын болаттан жасалған, алайда, барабанның бет қабаты киімнің ұсақ металл бөлшектерімен зақымданған болса, онда ол жерлерде жекелеген тот орындары пайда болуы мүмкін.
- Кір жуатын машина барабанын үнемі тазалап отыру керек.
- Антинакипин немесе матаны бояйтын немесе ашық қылатын заттарды пайдалаған кезде, осы түрдегі кір жуатын машинаға пайдалануға тиісті рұқсаты бар екендігіне көз жеткізіңіз.

✳ Антинакипин құрамында кір жуатын машинаның кейбір бөлшектеріне зақым келтіруі мүмкін компоненттер болуы мүмкін.

✳ Барабанның беткі қабатының ластануын немесе зақымдануын тапсаңыз, онда болаттағы дақты кетіруге арналған арнайы заттарды қолданыңыз.

✳ Барабанның беткі қабатын тазалау үшін болат сымнан жасалған щетканы ешқашан қолданбаңыз.

■ КІР ЖУАТЫН МАШИНАНЫ ТАЗАЛАУ

1. Сыртқы бөліктерін тазалау

Кір жуатын машинаның қызмет мерзімін ұзарту үшін, оған үнемі бақылау жасап, қызмет көрсетіп отыру керек.
Кір жуатын машинаның сыртқы бөліктерін құрамында химиялық белсенді реагенттері немесе еріткіштері жоқ жуғыш заттар қосылған жылы сумен жуып тұру керек.
Ылғалды қалдықтарды кетіру үшін, машинаны құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

✳ **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** құрамында спирті бар заттарды, еріткіштерді немесе осыған ұқсас тазалау заттарын пайдалану машинаның зақымдануына себеп болуы мүмкін.

2. Ішкі бөліктерін тазалау

Машинаның ішкі бөліктерін тазалау үшін 2 стакан (500мл) кір жуатын ұнтақпен араластырылған 1 стакан (250мл) ағартқыш пайдалану керек.
Жоғарыда келтірілген тазалау құралдарын қосқаннан кейін, машинаны ыстық сумен жуу режимында қосыңыз.
Қажет болған жағдайда, жоғарыда баяндалған процедураны қайталап шығыңыз.

ЕСКЕРТУ Қатты суды пайдалану нәтижесінде пайда болған әк шөгінділерді кетіру үшін, кір жуатын машиналарға арналған арнайы тазартқыштарды пайдаланыңыз.

■ ҚЫСҚЫ МЕРЗІМДЕ МАШИНАҒА ҚАРАУ

Кір жуатын машинаны температурасы 0°C-тен төмен болатын жерге орнатқан кезде келесі амалдарды орындау қажет.

1. Су беретін кранды жабыңыз.
2. Су беретін және суды төгетін шлангтарды ажыратыңыз.
3. Электрқорегі кабелін жерге дұрыс қосылған электр розеткасына қосыңыз.
4. Бос барабанға 3,8 л уытты емес антифриз құйыңыз. Есікті жабыңыз.
5. Суды төгу үшін, барабанды айналдыру режимын 1 минутқа қосыңыз. Айналу барысында антифриз түгелдей кетіп қалмайды.
6. Электрқорегі кабелын розеткадан суырып, барабанды кептіріп, машинаның есігін жауып қойыңыз.
7. Суырмалы қорапшаны суырып алыңыз. Бөлімдегі су қалдықтарын төгіп тастап, қорапшаны толық кептіріңіз. Суырмалы қорапшаны орнына қайта қойыңыз.
8. Кір жуатын машинаны вертикальды қалыпта қалдырыңыз.
9. Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін, кір жуатын машинадағы антифриз қалдықтарын кетіру үшін, кір жуатын ұнтақты пайдалана отырып, ішіне кір салмастан, толық жуу циклын орындап шығу керек.

Ақаулықтарды іздеу және жою

✳ Бұл кір жуатын машина, ақаулықтарды тауып, оларды жою бойынша тиісті шараларды қолданатын, өзін-өзі диагностикалау жүйесімен жабдықталған.
Кір жуатын машина дұрыс жұмыс істемей немесе істен шығып жатса, сервистік қызметке барудан бұрын, көрсетілген ықтимал ақаулық себептеріне назар аударыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою жолы
Дүрсіл немесе металлдың сылдыры	• Барабанға немесе насосқа бөгде заттар түсіп кеткен, атап айтсақ, тиын	Кір жуатын машинаны тоқтатып, барабан мен су төгу фильтрін тексеріңіз. Машинаны қайта қосқан кезде әліде сылдыр бар болса, сервистік қызметке барған жөн.
Тоқылдау	• Өте көп салынған кір күмбір тықылдаған дыбыс тудыруы мүмкін. Әдетте, күмбір тықылдаған дауыстар ақаулықтың белгісі емес.	Тықылдаған дауыс әлі де бар болса, кір жуатын машина барабанына заттар тепе-теңдіксіз салынғаннан болуы мүмкін. Жууды тоқтатып, кірлерді біркелкі жайғастырыңыз.
Вибрация	• Уақытша болттар мен буып-түю бөлшектерінің барлығы алынбаған.	„Орнату» бөлімінде келтірілген бекіту болттарын алып тастау бойынша нұсқауларды орындаңыз.
	• Машина аяқшалары бекем орнатылмаған.	Кір жуатын машина барабанында кірлер біркелкі жайғастырылмаса, жууды тоқтатып, кірлерді қайта жайғастырыңыз.
Протечка воды	• Шлангтың кранмен немесе кір жуатын машинамен байланысқан жері босап кеткен болар	Шлантардың байланысуын тексеріңіз, қажет болған жағдайда тартыңыз.
Аса көп мөлшерде көпіріктің пайда болуы	• Су төгу құбыры қоқыстанған	Су төгу құбырын тазартыңыз. Қажет болған жағдайда су құбыршыны шақырыңыз.
		Мүмкін өте көп мөлшерде ұнтақ салынған немесе сәйкес келмейтін ұнтақ түрі пайдаланылуда. Аса көп мөлшерде көпіріктің пайда болуы судың өтіп кетуіне алып баруы мүмкін.
Судың машинада болмауы немесе жай берілуі	• Судың машинаға берілу жылдамдығы нашар	Мүмкін машинаны басқа кранға қосып көрген жөн.
	• Су беру краны толық ашылмаған	Кранды барынша толық ашыңыз.
	• Су беру шлангы басылып қалған	Шлангты түзетіңіз
Машинадан су төгілмейді немесе өте баяу төгіледі	• Су беру фильтрі қоқыстанған.	Су беру фильтрін тазалаңыз.
	• Су төгу шлангысы басылып қалған немесе қоқысталып қалған.	Су төгу шлангысын тазартыңыз және түзулеңіз.
	• Су төгу фильтрі қоқыстанған.	Су төгу фильтрін тазартыңыз

Ақаулықтарды іздеу және жою


Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою жолы
Кір жуатын машина қосылмайды	• Электрқорегі кабелы электр розеткасына қосылмағана немесе сапасыз қосылған.	Электрқорегі кабелынің штепсельдік айыр тетігін электр розеткасына нық қосыңыз.
Барабан айналмайды	• Ерігіш сақтандырғыш күйіп кеткен, тізбекті автоматты түрде үзуші іске қосылған немесе желіде кернеу жоқ.	Тізбекті автоматты түрде үзушіні қосыңыз немесе ерігіш сақтандырғышты ауыстырыңыз. Іске қосылу табалдырығы үлкен сақтандырғышты орнатпаңыз. Сақтандырғыштың іске қосылуына себеп болатын тізбекке шамадан артық жүк түскенде, білікті электрикке барыңыз.
	• Су беру кранын жабыңыз.	Су беру кранын ашыңыз.
	✳ Машина есігі нық жабылмаған.	Есікті жауып, **Баста/пауза** пернесін басыңыз Мүмкін машинаны қосу үшін бірнеше минут кетер. Кір жуатын машина барабаны есік жабық тұрған кезде ғана айналады.
Есік ашылмайды		Қауіпсіздік мақсатында машина жұмыс істеп тұрған кезде есік блокталып қалады. Жуу біткеннен кейін, есікті ашпай тұрып екі-үш минут күте тұрыңыз.
Жуу уақыты артып кетті		Жуу уақыты тиелген киім мөлшеріне, су температурасына, сонымен қатар өзге де шарттарға байланысты артуы немесе кеміп кетуі мүмкін. Сонымен қатар, заттар барабанға біркелкі салынбаған кезде немесе көпірікті кетіру бағдарламасы қосылған кезде жуу уақыты артуы мүмкін.

A қаулықтарды іздеу және жою

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою жолы
iE	• Судың машинаға берілу жылдамдығы нашар	Мүмкін машинаны басқа кранға қосып көрген жөн.
	• Су беру краны толық ашылмаған	Кранды барынша толық ашыңыз.
	• Су беру шлангы басылып қалған.	Шлангты түзуленіз.
	• Су беру фильтрі қоқыстанған.	Су беру фильтрін тазалаңыз.
oE	• Су төгу шлангысы басылып қалған немесе қоқысталып қалған.	Су төгу шлангысын тазартыңыз және түзетіңіз .
	• Су төгу фильтрі қоқыстанған.	Су төгу фильтрін тазартыңыз.
uE	• Өте аз зат тиелген.	Барабанға тиелген затты біркелкі қылу үшін, ішіндегі затқа ұқсас 1-2 киім қосыңыз.
	• тиелген киімдер біркелкі жайғастырылмаған	Бірқалыпты айналуы үшін заттарды қайта жайғастырыңыз.
	• Барабандағы тепе-теңдікті бақылау жүйесі пайдаланылғандықтан, ауыр заттарды жуу кезінде, атап айтар болсақ, кілемдерді немесе халаттарды, аталған жүйе барабанның айналуын тоқтатып қоюы мүмкін.	
	• Сығу бағдарламасын орындағаннан кейін заттар жеткілікті дәрежеде сығылмаған болса, барабандағы кірді теңестіру үшін кішігірім киімдерді қосып, сығу процесін қайталаңыз.	
dE	 • Есік жабылмаған	Есікті жабыңыз. Машинаның басқару панелынің дисплейында «dE» жазуы сақталатын болса, сервис қызметіне барыңыз.
tE	• Температура көрсеткішінде ақаулық табылған жағдайда tE жазуы пайда болады.	Машинаны электрқорегі желісінен суырып, сервис қызметіне барыңыз.
FE	• Клапанның бұзылуы салдарынан машинада су толып кеткен кезде, « FE» жазуы пайда болады.	Су беру кранын жабыңыз. Машинаны электрқорегі желісінен суырып, сервис қызметіне барыңыз.
PE	• Су деңгейі көрсеткішінде ақаулық табылған жағдайда « PE» жазуы пайда болады.	

Кепілдік міндеттемелері

Қолданылған құрал-жабдық утилизациясы



1. Құрал-жабдықта „Дөңгелек үстіндегі қоқыс бағын сызып тастаған“ белгі болса, өнімнің утилизациясы 2002/96/EC Директивасының талаптарына сәйкес жүргізілуі керек.
2. Электр және электрондық жабдықтардың утилизациясы тұрмыстық қоқыс утилизациясынан бөлек, құзырлы мемлекеттік ұйымдар көрсеткен жерлерде өткізілуі керек.
3. Пайдаланылған құрал-жабдықты утилизациялаудың тиісті әдістері пайдаланылған жағдайда, қалдықтардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына жасайтын зиянды ықпалын азайтуға болады.
4. Пайдаланылған құрал-жабдықты утилизациялау әдістері туралы қосымша ақпарат алу үшін муниципалды билік органдарына, қалдықтарды утильдеу қызметіне немесе өнімді сатып алу орнына барыңыз.

Төмендегі жағдайларда кепілдік жарамайды:

- сервис персоналы машинаны пайдалану әдістерін оқытып, үйреткен кезде.
- электрқорегі желісіндегі кернеу мәні нақты бір машина түрі үшін рұқсат етілген кернеу мәнінен ерекшеленген жағдайда.
- бақытсыз жағдай немесе оқиға нәтижесінде машинаға зақым келгенде.
- машинаны дұрыс пайдаланбау салдарынан оған зақым келгенде.
- машинаны нұсқауда көрсетілген шарттардан айрықша шарттарда қолданған кезде, конструкциясын өзгерткен немесе бөлшектерін ауыстырған кезде.
- машинаға үй жануарлары немесе егеуқұйрықтар, таракандар және т.б. зақым келтірген жағдайда.
- қалыпты шулар немесе вибрация пайда болған кезде: суды төккенде, кептіргенде, сонымен қатар, ескерту белгілерінде.
- орнату бойынша сервистік жұмыс жасау керек болғанда, атап айтсақ, машинаны тегістеу немесе шлангтарын қосу.
- осы нұсқауда келтірілген қызмет көрсету бойынша амалдарды жасау керек болғанда.
- машинадан бөгде нысандарды алып тастау қажет болғанда, оның ішіне насос пен фильтрді шегелерден, сымдардан, шуруптардан және т.с.с. тазарту да кіреді.
- сақтандырғыш тығындарды немесе электр желілерін ауыстыру қажет болғанда.
- біліксіз жүргізілген жөндеу жұмысының салдарын түзету қажет болғанда.
- жеке мүліктің зақымдануына, сонымен қатар, кір жуатын машинаның ықтимал ақаулықтары салдарынан туындаған тікелей немесе жанама зиян үшін өндіруші жауапты емес..
- кір жуатын машина коммерциялық мақсатта (атап айтсақ, көпшілік пайдаланатын орындарда, дәретханаларда, қонақ үйлерде, білім беру орталықтарында, жалға берілетін үйлерде) қолданылған жағдайда, кепілдік өз күшін жояды)



LG Electronics Inc.

P/No.: MEL37681903